

“8D2303-Dilbilim” Alanında Felsefe Doktoru (PhD) akadmeik derecesini almak için hazırlanan Serikkazykyzy Akbota’nın “Armyan-Kıpçak Eskertkişteri Tilining Lingvistikalıq Interpretatsiyası” Başlıklı Tezi Hakkında Rapor

25.08.2025

1. Araştırma Konusunun Güncelliği ve Bilimsel Önemi

Akbota Serikkazykyzy’nın “ Armyan-Kıpçak Eskertkişteri Tilining Lingvistikalıq Interpretatsiyası” adlı doktora tezi, Türkoloji biliminin güncel ve önemli araştırma alanlarından biri olan tarihsel dil bilim, özelde Kıpçak dillerinin yazı geleneği ve kültürel-fonetik yapısına odaklanmaktadır. Ermeni-Kıpçak yazıtları, XVI-XVII. yüzyıllarda kaleme alınmış dil mirası örnekleridir. Bu metinlerin bilimsel açıdan sistematik biçimde incelenmesi, Türk dillerinin tarihî gelişim evrelerini, etnokültürel ilişkilerini ve dilsel etkileşim süreçlerini anlamaya olanak sağlar. Bu açıdan çalışma disiplinlerarası bir nitelik taşımaktadır: dilbilim, tarih, kültürel antropoloji, etnoloji ve din araştırmalarının kesişim noktasında konumlanmaktadır.

Araştırmanın temelinde Ermeni-Kıpçak yazıtlarının dili fonetik, morfolojik, leksik-semantik ve toplumsal cinsiyet açısından kapsamlı ele alınmıştır. Bu yaklaşım, karşılaştırmalı-tarihsel yöntem ile kültürel yorumlamayı birlikte kullanan bütüncül bir bilimsel perspektifi yansıtır.

2. Araştırmanın Yapısı ve Yöntemi

Tez, akademik standartlara uygun biçimde yapılandırılmıştır: giriş, üç ana bölüm, sonuç ve kaynakçadan oluşmaktadır. Giriş bölümünde araştırmanın konusu, amacı, kapsamı, yöntemi ve bilimsel yeniliği açık ve tutarlı bir biçimde belirtilmiştir.

Yöntemsel olarak çalışma; karşılaştırmalı-tarihsel analiz, veri sistematizasyonu ve semantik yorumlama yöntemlerine dayanmaktadır. Ermeni-Kıpçak yazı dili ile günümüz Kazak Türkçesi arasındaki benzerlikler ve farklar belirlenmiş; hâl ekleri, kip ve zaman kategorileri, fonetik karşılıklar, atasözleri ve hukuk metnindeki dilsel özellikler örneklerle desteklenmiştir. A.N. Garkavets, E. Tryjarski, Y. Dashkevich, K. Pamukçıyan, H. Çengel ve E. Altınkaynak gibi Türkologların eserlerinden yararlanılması, araştırmanın geniş kaynak temeline ve uluslararası nitelikteki bilimsel bağlamına işaret eder.

3. Temel Bilimsel Yenilikler

Tezde öne çıkan başlıca bilimsel katkılar şunlardır:

- Ermeni-Kıpçak yazı geleneğinin dilbilimsel sınıflandırması ilk kez Kazak dilbilimi bağlamında yapılmış, fonetik ve morfolojik özellikler somut örneklerle açıklanmıştır;
- Atasözlerinin etnolingüistik ve semantik çözümlemesi aracılığıyla Ermeni-Kıpçak toplumunun değerler sistemi ve dünya görüşü ortaya konmuştur;
- Hukukî metinlerdeki toplumsal cinsiyet temsilleri (kadın figürünün dilsel ve toplumsal konumu) incelenmiştir;



- Türk dilleri arasındaki tarihsel süreklilik bağlamında Ermeni-Kıpçak dili ile çağdaş Kazakça arasındaki fonolojik ve morfolojik benzerlikler belirlenmiştir;
- Yazılı belgeler üzerinden din, hukuk ve kültürün dil aracılığıyla temsili ortaya çıkarılmıştır. Bu bulgular, Orta Çağ Türk halklarının dil tarihini somut verilerle genişleterek, Kıpçak araştırmalarında ve etnodilbilimde yeni bir dönemi temsil etmektedir.

4. Teorik ve Pratik Katkı

Araştırmanın teorik önemi, tarihsel gramer, tarihsel söz varlığı ve karşılaştırmalı Türkoloji alanlarına yeni ampirik malzeme kazandırmasında yatmaktadır. Ermeni alfabesiyle yazılmış Kıpçak metinlerinin günümüz Kazakçasıyla ilişkisi yalnızca fonetik veya morfolojik düzeyde değil, aynı zamanda kültürel ve medeniyet düzeyinde süreklilik temelinde de kanıtlanmıştır.

Pratik açıdan tez bulguları, üniversitelerde "Tarihsel Gramer", "Türk Dillerinin Karşılaştırmalı Leksikolojisi" ve "Etnodilbilim" derslerinde yardımcı kaynak olarak kullanılabilir. Ayrıca bu veriler, Kazak Türkçesinin tarihsel gelişim yasalarını açıklamada önemli bir dayanak oluşturur.

5. Genel Değerlendirme ve Bilimsel Katkı

Serikkazykyzy Akbota'nın çalışması, içerik derinliği, veri doğruluğu ve kuramsal bütünlüğüyle dikkat çekmektedir. Yazar, Ermeni-Kıpçak dilini yalnızca tarihsel-filolojik bir olgu olarak değil, aynı zamanda medeniyetler arası iletişimin bir göstergesi olarak ele almaktadır. Bu bakış açısı, araştırmaya yeni bir bilimsel yön kazandırmaktadır.

Çalışmanın güçlü yönleri arasında geniş literatür taraması, dilsel verilerin titiz çözümlemesi ve uluslararası Türkoloji araştırmalarıyla kurulan metodolojik bağ öne çıkmaktadır.

Sınırlılık olarak, incelenen yazı korpusunun yalnızca XVI-XVII. yüzyıllarla sınırlı kalması ve bazı karşılaştırmalı çözümlemelerde sayısal-dilbilimsel modellemelerin yer almaması gösterilebilir. Ancak bu durum, araştırmanın genel kalitesini veya bilimsel özgünlüğünü zedelememektedir.

Sonuç

Sonuç olarak, "Ermeni-Kıpçak Yazıtlarının Dilbilimsel Yorumu" başlıklı bu çalışma, modern Türkolojinin dikkat çekici bilimsel başarılarından biridir. Kıpçak dillerinin yazılı mirasını yeniden değerlendirmeye olanak sağlamış, tarihsel dil bilimi ve etnodilbilimde yeni yönelimlerin ortaya çıkmasına katkı sunmuştur.

Bu eser yalnızca bir etnik veya dilsel topluluğu değil, aynı zamanda Türk medeniyetinin Avrupa coğrafyasındaki kültürel yansımalarını ortaya koyan kıymetli bir bilimsel çalışmadır.



Prof. Dr. Nurettin Demir

Hacettepe Üniversitesi

Çağdaş Türk Lehçeleri ve
Edebiyatları

HACETTEPE ÜNİVERSİTESİ

Çağdaş Türk Lehçeleri

ve Edebiyatları Bölümü

Beytepe/ANKARA

«8D02303-Лингвистика бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін Серікқазықызы Ақботаның «Армян-қыпшақ ескерткіштері тілінің лингвистикалық интерпретациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

П К І Р

25.08.2025

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен ғылыми маңызы

Ақбота Серікқазықызының «Армян-қыпшақ ескерткіштері тілінің лингвистикалық интерпретациясы» атты докторлық диссертациясы түркітану ғылымының өзекті әрі маңызды зерттеу бағыттарының бірі — тарихи тіл біліміне, соның ішінде қыпшақ тілдерінің жазба дәстүрі мен мәдени-фонетикалық құрылымына бағытталған. Армян-қыпшақ жазбалары XVI–XVII ғасырларда жазылған тілдік мұра үлгілері болып табылады. Бұл мәтіндерді ғылыми тұрғыдан жүйелі түрде зерттеу түркі тілдерінің тарихи даму кезеңдерін, этномәдени байланыстарын және тілдік өзара әсерлесу үдерістерін түсінуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, аталған зерттеу пәнаралық сипатқа ие: ол тіл білімі, тарих, мәдени антропология, этнология және дінтану ғылымдарының тоғысында орналасқан.

Зерттеудің негізінде армян-қыпшақ жазбаларының тілі фонетикалық, морфологиялық, лексика-семантикалық және гендерлік тұрғыдан жан-жақты қарастырылған. Мұндай тәсіл салыстырмалы-тарихи әдіс пен мәдени интерпретацияны ұштастыра отырып, кешенді ғылыми көзқарасты бейнелейді.

2. Зерттеудің құрылымы мен әдісі

Диссертация академиялық стандарттарға сай құрылымдалған: кіріспеден, үш негізгі бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған деректер тізімінен тұрады. Кіріспе бөлімінде зерттеу тақырыбы, мақсаты, ауқымы, әдісі және ғылыми жаңалығы айқын әрі жүйелі түрде көрсетілген.

Әдістемелік тұрғыдан зерттеу салыстырмалы-тарихи талдау, деректерді жүйелеу және семантикалық интерпретация әдістеріне негізделген. Армян-қыпшақ жазба тілі мен қазіргі қазақ тілі арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар айқындалған; септік жалғаулары, рай мен шақ категориялары, фонетикалық сәйкестіктер, мақал-мәтелдер мен құқықтық мәтіндердегі тілдік ерекшеліктер нақты мысалдармен дәлелденген. А.Н. Гаркавец, Е. Тряжарский, Я. Дашкевич, К. Памукчиян, Х. Ченгель және Е. Алтынқайнак сынды түркологтардың еңбектерін пайдалану зерттеудің кең дереккөздік базасын және оның халықаралық ғылыми контекстін айқындайды.

3. Негізгі ғылыми жаңалықтар

Диссертацияда төмендегідей негізгі ғылыми үлестер айқындалған:

- Армян-қыпшақ жазба дәстүрінің лингвистикалық жіктемесі алғаш рет қазақ тіл білімі контекстінде жасалып, фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктер нақты мысалдар арқылы талданды;
- Мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық және семантикалық талдауы негізінде армян-қыпшақ қоғамының құндылықтар жүйесі мен дүниетанымы айқындалды;
- Құқықтық мәтіндердегі гендерлік ұғымдардың көрінісі (әйел тұлғасының тілдік және әлеуметтік мәртебесі) зерттелді;
- Түркі тілдерінің тарихи сабақтастығы тұрғысынан армян-қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілі арасындағы фонологиялық және морфологиялық ұқсастықтары айқындалды.

- Жазба деректер негізінде дін, құқық және мәдениеттің тіл арқылы көрініс табуы айқындалды. Бұл зерттеу нәтижелері Орта ғасырдағы түркі халықтарының тіл тарихын нақты деректермен толықтыра отырып, қыпшақтану мен этнолингвистика саласында жаңа кезеңнің басталуын білдіреді.

4. Теориялық және практикалық үлес

Зерттеудің теориялық маңыздылығы тарихи грамматика, тарихи лексикология және салыстырмалы түркітану салаларына жаңа эмпирикалық материал енгізуінде жатыр. Армян әліпбиімен жазылған қыпшақ мәтіндерінің қазіргі қазақ тілімен байланысы тек фонетикалық немесе морфологиялық деңгейде ғана емес, сонымен қатар мәдени және өркениеттік сабақтастық тұрғысынан да дәлелденген.

Практикалық тұрғыдан алғанда, диссертация нәтижелері университеттерде «Тарихи грамматика», «Түркі тілдерінің салыстырмалы лексикологиясы» және «Этнолингвистика» пәндері бойынша көмекші оқу құралы ретінде пайдалануға болады. Сонымен қатар бұл деректер қазақ тілінің тарихи дамуының заңдылықтарын түсіндіруде маңызды негіз болып табылады.

5. Жалпы бағалау және ғылыми үлес

Серікқазықызы Ақботаның зерттеу еңбегі мазмұн тереңдігімен, деректердің дәлдігімен және теориялық тұтастығымен ерекшеленеді. Автор армян-қыпшақ тілін тек тарихи-филологиялық құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар өркениетаралық өзара байланыс пен коммуникацияның көрсеткіші ретінде қарастырады. Мұндай көзқарас зерттеуге жаңа ғылыми бағыт береді.

Зерттеудің басым тұстарына кең ауқымды әдебиеттерге жүйелі шолу жасалуы, тілдік деректердің мұқият және терең талдануы, сондай-ақ халықаралық түркітану зерттеулерімен орнатылған әдіснамалық сабақтастықтың айқын көрініс табуы жатады.

Шектеулі тұстары ретінде зерттелген мәтіндер корпусының тек XVI–XVII ғасырлармен шектелуі және кейбір салыстырмалы талдауларда сандық-лингвистикалық модельдеудің қолданылмауын атап өтуге болады. Дегенмен, бұл жайт зерттеудің жалпы ғылыми сапасына немесе оның теориялық-эмпирикалық түпнұсқалығына нұқсан келтірмейді.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, «Армян-қыпшақ ескерткіштері тілінің лингвистикалық интерпретациясы» атты бұл зерттеу қазіргі түркітану ғылымының елеулі ғылыми жетістіктерінің бірі болып табылады. Зерттеу қыпшақ тілдерінің жазба мұрасын жаңаша тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік беріп, тарихи тіл білімі мен этнолингвистика салаларында жаңа бағыттардың қалыптасуына ықпал етті.

Бұл еңбек тек белгілі бір этникалық немесе тілдік қауымдастықтың шеңберін ғана қамтып қоймай, сонымен қатар түркі өркениетінің Еуропа кеңістігіндегі мәдени көріністерін айқындайтын аса құнды ғылыми зерттеу болып табылады.

Проф. Др. Нуреттин ДЕМИР /қолы бар/
Хажеттепе университеті
Қазіргі түркі тілдері мен әдебиеттері.

Мәрі: /ХАЖЕТТЕПЕ УНИВЕРСИТЕТІ
Қазіргі түркі тілдері мен
әдебиеттері кафедрасы
Бейтене / АНКАРА/